

**Жергілікті бюджеттерден бөлінген және рұқсат беруде көзделмеген мақсаттарға мемлекеттік мекемелер пайдаланған бюджеттік қаражатын қайтарып алу Ережесін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылғы 12 қараша N 607. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

- 1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр*

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң*

*2 0 0 5                    ж ы л ғ ы                    3                    м а у с ы м д а ғ ы*

*N 211 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

- 6. "Жергілікті бюджеттен бөлінген және мемлекеттік мекемелермен көзделмеген рұқсаттар мақсатында пайдаланылған бюджет қаражатын қайтару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылғы 12 қараша N 607 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 9 желтоқсанда N 995 тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 18 наурыздағы N 2747 тіркелді )*

-----



мақсаттарға пайдалануы болып табылады. <\*>

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

*Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

**2. Жергілікті бюджеттерден мақсатсыз пайдаланған бюджеттік қаражатты кері қайтарып алуды тексеру және тәртіп нәтижелерін ресімдеу**

4. Жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын тексеру осы органдардың басшыларының бұйрығы (шешімі) бойынша жергілікті бюджеттердің бюджеттік қаражатын пайдалануды бақылау уәкілетті органдарының мамандарымен жүргізіледі (1-Қосымша).<\*>

*Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

5. Жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын тексерудің нәтижелері актімен ресімделеді Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен белгіленген нысан бойынша бақылау жүргізу (бұдан әрі - акт), Актіге тексеруді жүзеге асыратын органның мамандарымен және тексерілетін мемлекеттік мекеменің басшысы қол қояды. Мемлекеттік мекеменің басшысы қарсылық және ескерту жасағысы келсе актіге өзінің қолымен " Қарсылық білдіремін" деген белгі жасайды және қарсылықты негіздейтін жекелеген құжаттармен растайды. <\*>

Бақылауды жүзеге асыратын орган білдірілген қарсылықты қарайды, қажет болған кезде жекелеген фактілер қайта тексеріледі және тиісті нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып қорытынды жасалады. <\*>

*Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

6. Егер тексерілетін мемлекеттік мекеме бақылауды жүргізетін органның тұжырымдарымен келіспеген жағдайда оны қайтадан тексеруден кейін қабылданған шешім заңмен белгіленген тәртіпте қайта қаралуы мүмкін.

7. Акт екі данада жасалады. Ұйғарым төрт данада жасалады. Акті мен ұйғарымның бірінші даналары бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органда қалдырылады, акті мен ұйғарымның екінші даналары бақылау объектісінде қалдырылады, тиісінше ұйғарымның үшінші және төртінші даналары бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне берілген рұқсаттар шегінде бюджет қаражатын кері

қайтарып алу жөніндегі міндеттемені қабылдауға арналған өтінімдерді қалыптастыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне және мемлекеттік мекемеге жіберіледі. < \* >

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

8. Әкім уәкілеттік берген жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар тоқсан сайын есептіден кейінгі келесі айдың 5 күніне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне оның ұйғарымының негізінде мақсатына сай пайдаланылмаған жергілікті бюджет қаражатын кері қайтарып арудың атқарылуы туралы ақпаратты ұсынады. < \* >

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

9. Жергілікті бюджеттерден бөлінген және нысаналы бағыт бойынша пайдаланылған бюджеттік қаражатты кері қайтарып алу есебі кітабының 6, 7 бағаналарына (3 қосымша) жергілікті атқарушы органы бюджеттік қаражатты кері қайтарып алу нұсқауын тіркейді, олар нөмірленуге, жіппен қайымдауға және маститикалық мөрмен басылуға тиіс. Есеп кітабындағы беттердің саны тиісті жергілікті атқарушы органның басшысы қолымен куәландырылады.

10. Бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарламаның, ерекшеліктің мақсаттарына сәйкес келмейтін шығыстарын мемлекеттік мекеменің жүзеге асыруына байланысты жергілікті бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуын айқындаған жағдайда, қаражатты кері қайтарып алу іс жүзінде жүргізілген шығындарға сәйкес келетін бюджеттік сыныптаманың сол кодынан б а с т а п жү р г і з і л е д і .

Ағымдағы жылдың қаржыландыру жоспарында көзделмеген өткен жылдардың бағдарламалары бойынша жергілікті бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуын айқындаған жағдайда кері қайтарып алу:

жергілікті бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол берген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінде - жергілікті атқарушы органдардың қызметін қамтамасыз етумен байланысты шығындарға көзделген қаражаттан шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеде - осы мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген бағдарлама шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Жергілікті бюджетте ағымдағы қаржы жылына арналған бағдарлама, кіші бағдарлама болмаған жағдайда, ол бойынша өткен жылдарда жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану айқындалғанда кері

қайтарып алу ағымдағы қаржы жылының жергілікті бюджетінде шығыстар көзделген бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша ағымдағы қаржыландыруды азайту ("Қайтарып алу" белгісімен рұқсат беру) жолымен жүргізіледі. Ағымдағы қаржы жылының жергілікті бюджетінде осындай бағдарламалар болмаған кезде жергілікті бюджет қаражатын кері қайтарып алу:

жергілікті бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол берген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінде - жергілікті атқарушы органдардың қызметін қамтамасыз етумен байланысты шығындарға көзделген қаражаттан шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеде - осы мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген бағдарлама шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жүргізіледі. <\*>

*Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

10-1. Кері қайтарып алу сомасына бухгалтерлік жазбалар жүргізу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жергілікті атқарушы орган 280-нысанының хабарламасы (4-қосымша) жіберіледі. Хабарламаның "Операцияларды ұстау" бағанында экономикалық сыныптаманың мекемесін, бағдарламасын, кіші бағдарламасын, ерекшелігін көрсете отырып "жергілікті уәкілетті орган берген рұқсаттарда көзделмеген мақсаттарға пайдаланылған жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты кері қайтарып алу" жазбасы жүргізіледі, олар бойынша жергілікті уәкілетті орган берген кері қайтарып алу, рұқсаттардың нөмірлері және күндері жүргізілген ол бойынша ағымдағы қаржыландыру азайған. Бұл ретте хабарламада қайтарып алынған бюджеттік қаражаттың жалпы сомасы санмен және жазумен, сондай-ақ ол бойынша кері қайтарып алу жүргізілген әрбір мекеме, экономикалық сыныптаманың бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі бойынша кері қайтарып алу сомасы көрсетіледі. < \* >

*Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

10-2. Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік мекемелермен (жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен) жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелердің талаптарына сәйкес, оның ішінде кредиттік шарттар бойынша да қабылданған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген мақсаттарға мемлекеттік мекемелерге жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын кері қайтарып алу осы Ереженің 10-тармағында көзделген тәртіппен шарттық міндеттемелерді орындамау сомасына мемлекеттік мекемеге (жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне) ағымдағы қаржыландыруды азайту ("Қайтарып алу" белгісімен рұқсат беру) жолымен жүргізіледі. Жергілікті

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өз кезегінде сот, немесе сотсыз тәртіппен заңды және/немесе жеке тұлғалардан осы қаражатты өндіріп алуы тиіс.

Бұл ретте, егер кері қайтарып алу ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері бойынша өткен жылдарда сияқты, ағымдағы қаржы жылында да жүргізілсе, және мақсатсыз пайдалану сомасы сот тәртібімен немесе сотсыз тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне ағымдағы жылы да өндіріліп алынса, онда мемлекеттік мекеме (жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі) қаржыландырудың кері қайтарып алынған лимиттерін қалпына келтіру үшін аумақтық қазынашылық органына осы факт туралы хабарлайды.

Жергілікті бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол берген мемлекеттік мекемелер қайта ұйымдастырылған жағдайларда кері қайтарып алулар олардың құқықтық мирасқорларында жүргізіледі.

*Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

11. Жергілікті атқарушы органымен 280 нысандағы хабарлауда жазылған сомасы, нөмірі және уақыты есеп кітабындағы 8,9 бағаналарда көрсетіледі (3 қ о с ы м ш а ) .

12. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жергілікті атқарушы органнан хабарлауды алғаннан кейін нақты мақсатта емес бөлінген қаражатты пайдаланғаны анықталғаны туралы мемлекеттік мекемеге хабарлама, онда әрбір бағдарлама, кіші бағдарлама, экономикалық жіктеме ерекшеліктері бойынша кері қайтарып алу сомасы көрсетілген хабарлама жазып береді.

13. Бөлінген бюджет қаражаттың мақсатсыз пайдаланғаны анықталғаны жөніндегі шығыстардың экономикалық жіктеме ерекшеліктері бойынша бюджеттік мақсаттың болмауы кезінде белгіленген тәртіпте тиісті бюджеттің жиынтық қаржыландыру жоспарына және мемлекеттік мекеменің шығыстар сметасына өзгерістер енгізеді. < \* >

*Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*  
1 4 . < \* >

*Ескерту. 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

15. Үстіміздегі қаржы жылының желтоқсан соңында бөлінген бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілерінің анықталғаны кезінде кері қайтарып алу нұсқаманың деректемелері есеп кітабінің 10, 11 бағандарына қойылады және алдағы жылға 4,5 бағандарына көшіріледі.

### **3. Бухгалтерлік есеп және есептілік**

16. Жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бюджетке кері қайтарылып алынған соманы 095 "Мақсатсыз пайдаланған кері қайтарып алу қаражатының лимиттері" қосалқы шот дебеті және 140 "Мемлекеттік мекемелер мен басқа да іс-шаралар шығыстарына бюджеттен алынатын қаржыландыру жөніндегі есеп айырысулар" 230 қосалқы шоттарының кредиті бойынша бухгалтерлік есепте сипатталады. Біруақытта 200 "Бюджет бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде мемлекеттік мекемелерді және басқа шараларды ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" қосалқы дебеті және 095 қосалқы шот кредиті бойынша көрсете отырып екінші жазу жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталған соң қорытынды айналымдармен жұмсалған шығыстарды шығыстан шығару 140, 230 қосалқы шоттар дебеті және 200 қосалқы шот кредиті бойынша бухгалтерлік жазу жүргізіледі. < \* >

*Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

17. Мемлекеттік мекеме қаржыландыру жоспарын атқару туралы есептемелікте мақсатсыз пайдаланған бөлінген бюджеттік қаржыны бюджетке кері қайтарып алуға өндірілген сомалар мынадай тәртіпте сипатталады: 2 нысанда 5 "Жыл басынан рұқсат етілген" және 7 "Нақты шығыстар" бағандардағы кері қайтарып алу (коды 0603008) кері қайтарып алуда өндірілген сомалар сипатталады. Бюджеттен (Шығыстар сметаларын атқарылуы балансы (код 0503001)) қаржыландырылатын сомалардың қозғалысы туралы анықтамада 951 "Кері қайтарып алу" жолдары бойынша бөлінген бюджеттік қаражат бюджетте кері қайтарып алу сомасы көрсетіледі;

қаржыландыру жоспарының атқарылуы туралы бухгалтерлік есепке мемлекеттік мекеме ұсынған түсіндірме жазбада кері қайтарып алынған сомалар міндетті түрде көрсетіледі.

18. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есепке ұсынылған түсіндірме жазбада жергілікті бюджеттерден берілген бюджеттік қаражатты пайдаланғаны үшін бақылау жөніндегі жүргізілген жұмыстар туралы хабарланады, оларды мақсатсыз пайдаланудың себептерін көрсететін фактілер, келісілген бұзушылықтар, қаржы рұқсаттарымен көзделмеген мақсаттарға бөлінген қаражатты қалыпқа келтіру бойынша қабылданған шаралар сипатталады.

19. Жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру департаментіне беретін белгіленген нысан бойынша жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есепте "Мақсатсыз пайдаланған үшін кері қайтарып алу" бағанда әрбір функционалды топ, ішкі топ, жергілікті бюджеттік бағдарлама, бағдарлама,

ішкі бағдарлама, шығыстардың экономикалық жіктеме ерекшеліктері бойынша өндіріліп алынған кері қайтарып алу сомалары бойынша нәтижелері сипатталады

< \* >

*Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

1 қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 85 бұйрығымен .*

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

### **Бұйрық (Шешім) N**

" Бюджет жүйесі туралы " және "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасының  
**З а ң д а р ы н а** **с ә й к е с**

\_\_\_\_\_ жергілікті  
\_\_\_\_\_ тексерілетін мемлекеттік мекеменің атауы  
бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражаттарды есепке алу, аудару және пайдалануға байланысты құжаттарды тексеруді мына төмендегі мамандарға жүргізуді тапсырады:

1. \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні, тегі, атқаратын лауазымы)
2. \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні, тегі, атқаратын лауазымы)
3. \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні, тегі, атқаратын лауазымы)

Тексеруді жүзеге асыратын  
органның бастығы \_\_\_\_\_  
(қолы, Аты-жөні, тегі)

2 қосымша

**Жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын тексеру**

**Актісі**

\_\_\_\_\_ (тексерілетін мемлекеттік мекемелердің атауы)  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (тексеруді жүргізетін органның атауы, тексеруді жүргізу тапсырылған тұлғаның аты-жөні, тегі, лауазымы)

\_\_\_\_\_ (тексерілетін мемлекеттік мекеме)



(мамандардың аты-жөні, лауазымы)  
қ а т ы с у ы н д а

(тексерілетін мемлекеттік мекеменің атауы)

жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына тексеру жүргізілді.

Тексеру "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. N \_\_\_\_\_ тапсырыс негізінде және \_\_\_\_\_

(тексерілетін мемлекеттік мекеме басшысының аты-жөні, тегі, л а у а з ы м ы )

\_\_\_\_\_ рұқсатымен "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. қоса алғанда "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. жүргізілді.

Тексеру "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. басталып., қоса алғанда "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ж. аяқталды.

Тексеруге мынадай құжаттар қамтылды (тексерілген құжаттардың тізілімі \_\_\_\_\_ к ө р с е т і л е д і ) :

Тексеру нәтижесінде жергілікті бюджеттерден бөлінген бюджеттік қаражатты пайдалануда мынадай тәртіп бұзышулық анықталды (тексерілген құжаттарға талдау жүргізіледі, бөлінген бюджет қаражаттың пайдалануда анықталған тәртіп бұзушылықты нақты және ж ү й е л і ж а з у ) :

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қ о л д а р ы :

Тексеруді жүргізетін органның өкілдері:

-----  
( қ о л ы , \_\_\_\_\_ лауазымы , \_\_\_\_\_ аты-жөні )

-----  
(қолы, лауазымы, аты-жөні)

-----  
(қолы, лауазымы, аты-жөні)

Тексерілген мемлекеттік  
мекеменің басшысы

-----  
(қолы, лауазымы, аты-жөні)

**Жергілікті бюджеттерден бөлінген және мақсатсыз  
пайдаланған бюджеттік қаражатты кері қайтарып  
алу есебінің Кітабы**

— — — —  
жаз! Тексерілетін мемлекеттік! Бюджеттік ! Өткен жылы өндіріліп  
ба.! мекеменің атауы және ! қаражатты ! алынбаған жыл басындағы сома  
лар! коды ! мақсатсыз !

!пайдалану ! \_\_\_\_\_  
анықталған сомасы ! кері қайтарып алу  
бойынша туралы өкімінің N  
шығыстардың және уақыты  
б ю д ж е т т і к  
ж і к т е м е к о д ы

— — — —  
1 2 3 4 5

— — — —  
таблицаның жалғасы

— — — —  
Кері қайтарып алуға ! Үстіміздегі қаржы жылында ! Алдағы қаржы жылына.  
жататын үстіміздегі кері қайтарып алу жүргізіл. ауысқан кері қайтарып  
қаржы жылында мақсат. гені туралы белгі алынбаған соманың  
сыз пайдаланылған, қалдығы  
а н ы қ т а л ғ а н с о м а

— — — —  
сомасы!кері қайтарып! сомасы! уақыты және !сомасы! кері қайтарып  
алу туралы хабарлама алу туралы  
өкімінің N өкімінің N  
және уақыты және уақыты

6

7

8

9

10

11

**4 қосымша**

**№ 280 нысан**

Кімнен \_\_\_\_\_

Кімге \_\_\_\_\_

Хабарлама № \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

м/о № \_\_\_\_\_ ж.

дебет                      кредит                      сома

Сіздің \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ шотыңыз                      095                      230(140)

бойынша мынадай жазбалар жүргізілді \_\_\_\_\_

Б а с б у х г а л т е р

Операцияның мазмұны	Дебет	Кредит

Ж и ы н ы :                      С о м а с ы ж а з у м е н

Құжаттардың \_\_\_\_\_ қосымшасы

Б а с ш ы

Бас бухгалтер